

Документ: «Нысаналы талаптарды, нысаналы жинақтарды және нысаналы жинақ төлемдерін қалыптастыру мен есепке алу, сондай-ақ нысаналы талаптарды есепке жазу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 18 қаңтардағы № 16 Қаулысы (2026.05.01. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 02.02.2024 г.

Нысаналы талаптарды, нысаналы жинақтарды және нысаналы жинақ төлемдерін қалыптастыру мен есепке алу, сондай-ақ нысаналы талаптарды есепке жазу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 18 қаңтардағы № 16 Қаулысы
(2026.05.01. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

ҚР Үкіметінің 2025.15.05. № 342 Қаулысымен кіріспе жаңа редакцияда (2025 ж. 30 мамырдан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі 62-бабының 4-тармағына және «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 7-4-бабының 8-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Нысаналы талаптарды, нысаналы жинақтарды және нысаналы жинақ төлемдерін қалыптастыру мен есепке алу, сондай-ақ нысаналы талаптарды есепке жазу қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Ә. Смайылов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 2024 жылғы 18 қаңтардағы
№ 16 қаулысымен
бекітілген

Нысаналы талаптарды, нысаналы жинақтарды және нысаналы жинақ төлемдерін қалыптастыру мен есепке алу, сондай-ақ нысаналы талаптарды есепке жазу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

ҚР Үкіметінің 2025.15.05. № 342 Қаулысымен 1-тармақ жаңа редакцияда (2025 ж. 30 мамырдан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

1. Нысаналы талаптарды, нысаналы жинақтарды және нысаналы жинақ төлемдерін қалыптастыру мен есепке алу, сондай-ақ нысаналы талаптарды есепке жазу қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі (бұдан әрі - Бюджет кодексі) 62-бабының 4-тармағына және «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі - Заң) 7-4-бабының 8-тармағына сәйкес әзірленді және нысаналы талаптар мен нысаналы жинақтарды қалыптастыру және есепке алу, нысаналы жинақ төлемдерін есепке жатқызу, төлеу, қайтару және пайдалану тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін мынадай ұғымдар пайдаланылады:

Документ: «Нысаналы талаптарды, нысаналы жинақтарды және нысаналы жинақ төлемдерін қалыптастыру мен есепке алу, сондай-ақ нысаналы талаптарды есепке жазу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 18 қаңтардағы № 16 Қаулысы (2026.05.01. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 02.02.2024 г.

- 1) ағымдағы жыл - нысаналы талаптарға қатысушыларға нысаналы талаптар есепке жазылатын және нысаналы жинақ төлемдері іске асырылатын жыл;
- 2) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры (бұдан әрі - БЖЗҚ) - нысаналы активтер мен нысаналы талаптарды есепке алуды жүргізуді, нысаналы жинақтарды нысаналы жинақтау шоттарына есепке алу мен есепке жатқызуды, нысаналы жинақтау шотынан нысаналы жинақтарды алушыға нысаналы жинақтарды төлеуді, нысаналы жинақтардың қайтарылуын есепке алуды жүзеге асыратын заңды тұлға;
- 3) есепті жыл - ағымдағы жылдың алдындағы жыл;
- 4) жаһандық кастодиан - өз қызметін өзі орналасқан елде, сондай-ақ оның шегінен тысқары жерлерде жергілікті бөлімшелерді пайдалану, осындай кастодианмен компаниялар тобына кіретін заңды тұлғаларды немесе өзге де тұлғаларды суб-кастодиандар ретінде тарту арқылы жүзеге асыратын кастодиан;
- 5) нысаналы жинақтарды алушы - Қазақстан Республикасының он сегіз жасқа толған, нысаналы жинақтарды алуға құқығы бар азаматы;
- 6) нысаналы талаптар - Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының есепті жылдың алдындағы он сегіз жылдағы орташаланған инвестициялық кірісінің және есепті жылдың алдындағы он сегіз жылдағы осы сомаға жыл сайын есепке жазылатын орташаланған инвестициялық кірістің елу пайызы есебінен жыл сайын қалыптастырылатын, Қазақстан Республикасының он сегіз жасқа толмаған азаматтары алдындағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің міндеттемелері;
- 7) нысаналы жинақтау шоты - нысаналы жинақтарды алушының [Заңға](#) және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес БЖЗҚ-да ашылған, нысаналы жинақтар есепке алынатын және нысаналы жинақтарды төлеу жүргізілетін жеке атаулы шоты;
- 8) нысаналы талаптарға қатысушы - Қазақстан Республикасының он сегіз жасқа толмаған, нысаналы талаптарға құқығы бар азаматы;
- 9) орташаланған инвестициялық кіріс - «Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық операцияларын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 25 шілдедегі № 65 [қаулысымен](#) (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4361 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық операцияларын жүзеге асыру қағидаларына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры (бұдан әрі - Ұлттық қор) активтерінің валюталық бөлігін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің басқаруы нәтижесінде құрылатын, есепті жылдың алдындағы күнтізбелік толық он сегіз жылдағы орташаланған (орташа геометриялық) инвестициялық кірістілік негізінде осы Қағидаларға сәйкес формула бойынша есептелген инвестициялық кіріс мәні;
- 10) уәкілетті операторлар - тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) оқу ақысын төлеу мақсатында БЖЗҚ аударатын нысаналы жинақ төлемдерін есепке жатқызуға арналған банктік шоттарды ашуды және жүргізуді жүзеге асыратын екінші деңгейдегі банктер, Ұлттық пошта операторы.

3. Он сегіз жасқа толғаннан кейін нысаналы талаптар БЖЗҚ жүйесінде ақша баламасы түрінде көрсетілген нысаналы жинақтар мәртебесінде болады.

«Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» Қазақстан Республикасының [Заңына](#) сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтығын алған балалар он сегіз жасқа толғанға дейін нысаналы талаптарға жаңа қатысушылар болады.

2-тарау. Нысаналы талаптарды, нысаналы жинақтарды қалыптастыру мен есепке алу, сондай-ақ нысаналы талаптарды есепке жазу тәртібі

Документ: «Нысаналы талаптарды, нысаналы жинақтарды және нысаналы жинақ төлемдерін қалыптастыру мен есепке алу, сондай-ақ нысаналы талаптарды есепке жазу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 18 қаңтардағы № 16 Қаулысы (2026.05.01. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 02.02.2024 г.

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі - ҚР ҰБ) нысаналы талаптарға қатысушылардың нысаналы талаптарының, орташаланған инвестициялық кірістің жалпы сомасын есептеуді осы Қағидаларға сәйкес жыл сайын жүзеге асырады.

ҚР Үкіметінің 2025.15.05. № 342 Қаулысымен (2025 ж. 30 мамырдан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2025.23.12. № 1132 Қаулысымен (2026 ж. 5 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 5-тармақ өзгертілді

5. Ұлттық қордың орташаланған инвестициялық кірісін (бұдан әрі - ОИК) жыл сайынғы есептеу Ұлттық қордың соңғы он сегіз жылдағы валюталық активтерінің орташа жылдық (орташа геометриялық) кірістілігін Ұлттық қордың таза валюталық активтерінің орташа айлық (орташа арифметикалық) нарықтық құнына көбейту арқылы жүргізіледі және мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$OIK = KM * \bar{YK}_{орт.айлық}$, мұндағы:

$\bar{YK}_{орт.айлық}$ - Ұлттық қордың есепті жылдың алдындағы жылдағы таза валюталық активтерінің орташа айлық (орташа арифметикалық) нарықтық құны, оны есептеу мына формула бойынша айқындалады:

$\bar{YK}_{ортаза} = (YK_{ортаза1} + \dots + YK_{ортаза12}) / 12$, мұндағы:

$YK_{ортаза}$ - жаһандық кастодиан деректеріне сәйкес нысаналы талаптардың сомасын қамтитын есепке жазылған міндеттемелерді шегергендегі валюталық активтердің есепті жылдың алдындағы жылдың әрбір айының соңындағы нарықтық құны;

KM - Ұлттық қордың есепті жылдың алдындағы соңғы он сегіз жылдағы валюталық активтерінің орташа жылдық (орташа геометриялық) кірістілігі ретінде есептелген орташаланған инвестициялық кіріс мөлшерлемесі, оны есептеу мына формула бойынша айқындалады:

$KM = ((1 + ЖК_1) * \dots * (1 + ЖК_{18}))^{(1/18)} - 1$, мұндағы:

$ЖК$ - Ұлттық қордың жеке алынған жылдағы валюталық активтерінің кірістілігі.

Осы Қағидалардың шеңберінде Ұлттық қордың жеке алынған жылдағы валюталық активтерінің кірістілігі деп валюталық активтер бойынша жаһандық кастодиан ұсынатын деректер негізінде есептелген және [Бюджет кодексіне](#) сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚР ҰБ-мен бірлесіп жасайтын Ұлттық қордың қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы жылдық есепте көрініс табатын Ұлттық қордың валюталық бөлігінің пайызбен көрсетілген, уақыт бойынша мөлшерленген кірістілігі түсініледі.

Осылайша, есепті жылдың нысаналы талаптарының сомасы мына формула бойынша есептеледі:

$$HT^{50\% OIK} = 50 \% * OIK$$

Нысаналы талаптардың жалпы сомасы орташаланған инвестициялық кіріс мөлшерлемесін ескере отырып, есепті жылдағы нысаналы талаптар мен алдыңғы кезеңдердегі нысаналы талаптардың жалпы сомасын қосу арқылы қалыптастырылады. Бұл ретте алдыңғы кезеңдердегі нысаналы талаптардың жалпы сомасынан нысаналы жинақтарды алушыларға Ұлттық қордан берілетін жыл сайынғы іс жүзіндегі төлемдер шегеріледі.

Осылайша, нысаналы талаптардың есепті жылдың аяғындағы жиынтық сомасы ($HT_{жиынны}$) мынадай формула бойынша есептеледі:

$$HT_{жиынны} = HT^{50\% OIK} + (HT_{алдыңғы} - TC) * (1 + KM), \text{ мұндағы:}$$

TC - БЖЗҚ деректеріне сәйкес айқындалатын есепті жылдың ішіндегі Ұлттық қордан берілетін төлемдердің жалпы сомасы.

Документ: «Нысаналы талаптарды, нысаналы жинақтарды және нысаналы жинақ төлемдерін қалыптастыру мен есепке алу, сондай-ақ нысаналы талаптарды есепке жазу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 18 қаңтардағы № 16 Қаулысы (2026.05.01. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 02.02.2024 г.

НТ_{алдыңғы} - нысаналы талаптардың есепті жылдың алдындағы жылдың соңындағы жағдай бойынша сомасы.

Нысаналы талаптардың сомасы үтірден кейін екі белгіге дейінгі дәлдікпен дөңгелектенеді.

Ұлттық қорды басқару қорытындылары бойынша 2022 жылғы нысаналы талаптардың іс жүзіндегі қалыптасқан сомасын көрсете отырып, нысаналы талаптарды есептеу мысалы осы Қағидаларға [1-қосымшада](#) көрсетілген.

6. ҚР ҰБ жыл сайын (1 қазан) БЖЗҚ-ға «Қазақстан Республикасының [Ұлттық](#) қорын сенімгерлік басқару туралы шарт туралы» Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2001 жылғы 18 мамырдағы № 655 қаулысымен мақұлданған Ұлттық қорды сенімгерлік басқару туралы шартта белгіленген Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп ұсыну мерзімдеріне ұқсас мерзімдерде нысаналы талаптардың жалпы сомасы, есепті жылдағы есепке жазылған нысаналы талаптардың сомасы және орташаланған инвестициялық кіріс мөлшерлемесі, есепті жылдың алдындағы жылдың соңындағы жағдай бойынша нысаналы талаптардың сомасына есепке жазылған инвестициялық кіріс сомасы туралы ақпарат қамтылатын Ұлттық қордың активтерін сенімгерлікпен басқару нәтижелері туралы жыл сайынғы есепті жібереді.

7. Нысаналы талаптарға қатысушылар он сегіз жасқа толған жылға дейін нысаналы талаптар Ұлттық қорды басқару жөніндегі инвестициялық қызмет шеңберінде қаржы құралдарына инвестицияланады.

Осы Қағидалардың [16-тармағына](#) сәйкес ҚР ҰБ-да АҚШ долларымен ашылған БЖЗҚ-ның нысаналы активтер шотына (бұдан әрі - нысаналы активтер шоты) ақша есепке жатқызылғаннан кейін нысаналы жинақтар қаржы құралдарына инвестицияланбайды және осы Қағидаларда айқындалған шарттар басталған кезде нысаналы жинақтарды алушылардың немесе мұрагерлердің алуы үшін қолжетімді болады.

ҚР Үкіметінің 2025.23.12. № 1132 [Қаулысымен](#) 8-тармақ жаңа редакцияда (2026 ж. 5 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр.ред.қара](#))

8. БЖЗҚ ақпараттық жүйелерді интеграциялау арқылы «Жеке тұлғалар» мемлекеттік дерекқорынан (бұдан әрі - ЖТ МДҚ) нысаналы талаптарға қатысушылар бойынша мынадай:

- 1) Қазақстан Республикасының азаматтығын туған кезде алғаны туралы;
- 2) Қазақстан Республикасының азаматтығын алған күнін көрсетіп, Қазақстан Республикасының азаматтығын туғанынан кейін қабылдағаны туралы;
- 3) «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» Қазақстан Республикасының [Заңына](#) сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылғаны немесе шыққаны туралы;
- 4) қайтыс болған күнін не соттың қайтыс болды деп жариялау туралы шешімінің заңды күшіне енген күнін көрсетіп, қайтыс болғаны туралы;
- 5) ЖТ МДҚ-да қамтылған мәліметтердің жаңартылғаны туралы мәліметтерді алады.

БЖЗҚ ЖТ МДҚ-дан алынған мәліметтер негізінде БЖЗҚ ақпараттық жүйесінде нысаналы талаптарға қатысушылардың электрондық тізімін дербес қалыптастырады.

ҚР Үкіметінің 2025.23.12. № 1132 [Қаулысымен](#) 8-1-тармақпен толықтырылды (2026 ж. 5 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді)

8-1. БЖЗҚ нысаналы талаптарға қатысушылардың электрондық тізімін қалыптастыру кезінде:

- 1) ЖТ МДҚ-да «азаматтығы» деген жолда «Қазақстан» деген жазу жоқ адамдарды «Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылған немесе азаматтығынан шыққан» деген санатқа жатқызады;

Документ: «Нысаналы талаптарды, нысаналы жинақтарды және нысаналы жинақ төлемдерін қалыптастыру мен есепке алу, сондай-ақ нысаналы талаптарды есепке жазу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 18 қаңтардағы № 16 Қаулысы (2026.05.01. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 02.02.2024 г.

2) ЖТ МДҚ-да «өмірлік мәртебесі» деген жолда «қайтыс болған» деп көрсетілген адамдарды «қайтыс болған не заңды күшіне енген сот шешімімен қайтыс болды деп жарияланған» деген санатқа жатқызады.

ҚР Үкіметінің 2025.23.12. № 1132 Қаулысымен 9-тармақ жаңа редакцияда (2026 ж. 5 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

9. БЖЗҚ есепті 2023 жылдың соңындағы нысаналы талаптарға қатысушылардың жалпы санын 2023 жылдың соңына дейін соттардың заңды күшіне енген шешімдеріне сәйкес қайтыс болған не қайтыс болды деп жарияланған адамдарды қоспағанда, электрондық тізімге енгізілген 2023 жылдың соңындағы нысаналы талаптарға қатысушылардың жалпы санын негізге ала отырып айқындайды.

Кейінгі жылдары БЖЗҚ есепті жылдың соңындағы нысаналы талаптарға қатысушылардың жалпы санын есептеуді мынадай формула бойынша жүзеге асырады:

$Қ = Қ_{алдыңғы} + ТҚ + ҚА - ҚҚ - АЖҚ - ОТҚ + ББҚ - ҚБҚ$, мұндағы:

Қ - есепті жылдың соңындағы нысаналы талаптарға қатысушылар (оның ішінде есепті жылдың ішінде қайтыс болғандар не соттың заңды күшіне енген шешімімен қайтыс болды деп жарияланғандар);

Қ_{алдыңғы} - есепті жылдың алдындағы жылдың соңындағы нысаналы талаптарға қатысушылар (оның ішінде есепті жылдың алдындағы жылдың ішінде қайтыс болғандар не соттың заңды күшіне енген шешімімен қайтыс болды деп жарияланғандар);

ТҚ - есепті жылы туған нысаналы талаптарға қатысушылар;

ҚА - есепті жылы Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдаған нысаналы талаптарға қатысушылар;

ҚҚ - есепті жылдың алдындағы жылдың ішінде қайтыс болған не соттың заңды күшіне енген шешімімен қайтыс болды деп жарияланған нысаналы талаптарға қатысушылар (2023 жылдың соңына дейін қайтыс болғандарды не соттың заңды күшіне енген шешімімен қайтыс болды деп жарияланғандарды қоспағанда);

АЖҚ - есепті жылы Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтқан, Қазақстан Республикасының азаматтығынан шыққан нысаналы талаптарға қатысушылар;

ОТҚ - есепті жылы он сегіз жасқа толған нысаналы талаптарға қатысушылар;

ББҚ - нысаналы талаптарға қатысушы болуға құқығы бар не болған, бұрын есепке алынбаған балалар, сондай-ақ бұрын есепке алынғандарды қоса алғанда, туған күнінде, қайтыс болған күнінде, Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдаған күнінде өзгерістер болған адамдар (бұдан әрі - нысаналы талаптарға қатысушы болуға құқығы болған, бұрын есепке алынбағандар);

ҚБҚ - нысаналы талаптарға қатысушылар болуға құқығы болмаған, бұрын есепке алынған балалар, сондай-ақ туған күнінде, қайтыс болған күнінде, Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдаған күнінде өзгерістер болған адамдар (бұдан әрі - нысаналы талаптарға қатысушылар болуға құқығы болмаған, бұрын есепке алынғандар).

ҚР Үкіметінің 2025.23.12. № 1132 Қаулысымен 10-тармақ жаңа редакцияда (2026 ж. 5 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

10. Жыл сайын:

1) есепті жылдан кейінгі бірінші айдың жиырмамыншы күнінен кешіктірмей БЖЗҚ:

ағымдағы жылдың бірінші айының он бесінші күні Астана қаласының уақыты бойынша сағат 23:59:59-дағы жағдай бойынша БЖЗҚ-ға ЖТ МДҚ-дан түскен өзгерістерді ескере отырып, есепті жылдың соңындағы (31 желтоқсанды қоса алғанда) жағдай бойынша осы Қағидалардың 9-тармағына сәйкес ЖТ МДҚ-дан алынған мәліметтердің негізінде БЖЗҚ ақпараттық жүйесінде нысаналы талаптарға қатысушылардың электрондық тізімін қалыптастырады;

Документ: «Нысаналы талаптарды, нысаналы жинақтарды және нысаналы жинақ төлемдерін қалыптастыру мен есепке алу, сондай-ақ нысаналы талаптарды есепке жазу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 18 қаңтардағы № 16 Қаулысы (2026.05.01. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 02.02.2024 г.

верификациялауды жүргізу үшін «электрондық үкімет» ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына нысаналы талаптарға қатысушылардың электрондық тізімін жібереді.

Егер соңғы күн жұмыс істемейтін күнге келсе, онда одан кейінгі бірінші жұмыс күні мерзімі аяқталған күн болып есептеледі;

2) БЖЗҚ-дан электрондық тізімді алған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей «электрондық үкімет» ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторы осы Қағидаларға [2-қосымшаға](#) сәйкес нысан бойынша нысаналы талаптарға қатысушылардың қалыптастырылған тізімінің дұрыстығын растайды.

ҚР Үкіметінің 2025.23.12. № 1132 [Қаулысымен](#) 11-тармақ жаңа редакцияда (2026 ж. 5 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

11. Ағымдағы жылы есепке жазу үшін бір нысаналы талаптарға қатысушыға нысаналы талаптарды есептеу мынадай формула бойынша жүргізіледі:

Қ - осы Қағидалардың [9-тармағына](#) сәйкес есептелген есепті жылдың соңындағы нысаналы талаптарға қатысушылардың жалпы саны;

НТ - мына:

есепті жылы Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтқан, Қазақстан Республикасының азаматтығынан шыққан;

нысаналы талаптардың қатысушысы болуға құқығы бар не болған, бұрын есепке алынбаған;

нысаналы талаптарға қатысушылар болуға құқығы болмаған, бұрын есепке алынған нысаналы талаптарға қатысушылардың нысаналы талаптарының сомасына және нысаналы жинақтарды алушылардың нысаналы жинақтарының сомасына;

сондай-ақ есепті жылдың алдындағы күнтізбелік жылдағы НТС^{50%ОИК} дөңгелектегеннен кейінгі қалдықтар және есепті жылдың алдындағы жылдың соңындағы жағдай бойынша нысаналы талаптар сомасына есептелген инвестициялық кіріс шамасына (ҚЖМ^{ДК}) түзетуді ескере отырып, есепті жылдағы нысаналы талаптар сомасы.

НТС^{50%ОИК} кесу әдісін қолдана отырып, үтірден кейін екі белгіге дейінгі дәлдікпен дөңгелектеледі.

НТ мәні мынадай формула бойынша есептеледі:

$$НТ = НТ^{50\%ОИК} + НТ^{түз}, \text{ мұндағы:}$$

НТ^{50%ОИК} - есепті жылдағы нысаналы талаптардың сомасы, ол Қағидалардың [5-тармағына](#) сәйкес есептеледі;

НТ^{түз} - түзету сомасы.

НТ^{түз} мәні мынадай формула бойынша есептеледі:

$$НТ^{түз} = НТ^{АЖҚ} + НТ^{ҚБҚ} - НТ^{ББҚ} + ҚЖМ^{ДК}, \text{ мұндағы:}$$

НТ^{АЖҚ} - есепті жылдың ішінде Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалту, Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу себептерінен шығып қалған нысаналы талаптарға қатысушылардың нысаналы талаптарының жалпы сомасы, ол осы нысаналы талаптарға қатысушылар бойынша мынадай формула бойынша есептеледі:

НТ^{ҚБҚ} - есепті жылдың алдындағы күнтізбелік жылдың электрондық тізіміне нысаналы талаптарға қатысушылар болуға құқығы жоқ ретінде енгізілген нысаналы

Документ: «Нысаналы талаптарды, нысаналы жинақтарды және нысаналы жинақ төлемдерін қалыптастыру мен есепке алу, сондай-ақ нысаналы талаптарды есепке жазу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 18 қаңтардағы № 16 Қаулысы (2026.05.01. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 02.02.2024 г.

талаптарға қатысушылардың нысаналы талаптарының жалпы сомасы, ол осы нысаналы талаптарға қатысушылар бойынша мынадай формула бойынша есептеледі:

НТ^{ББК} - есепті жылдың алдындағы күнтізбелік жылдың электрондық тізімінде болмаған нысаналы талаптарға қатысушылардың нысаналы талаптарының жалпы сомасы, ол осы нысаналы талаптарға қатысушылар бойынша мынадай формула бойынша есептеледі:

НЖ - мына:

өткен жылдар немесе ағымдағы жыл ішінде Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалту, Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу себептерінен шығып қалғандардың;

нысаналы талаптарға қатысушылар болуға құқығы болмаған, бұрын есепке алынғандардың нысаналы жинақтарының жалпы сомасы.

ҚЖМ^{ДК} - бір нысаналы талаптарға қатысушыға есепті жылдың нысаналы талаптарының сомасы мен барлық нысаналы талаптарға қатысушылар бойынша бір нысаналы талаптарға қатысушыға арналған нысаналы талаптардың есепті жылдың алдындағы (НТС^{алдыңғы}*ЖК) жылдың соңындағы сомасына есепке жазылған инвестициялық кіріс сомасын дөңгелектегеннен кейінгі қалдықтардың жиынтық мөлшері.

Есепті жылдың алдындағы күнтізбелік жылдың электрондық тізімінде болмаған әрбір нысаналы талаптарға қатысушы үшін осы нысаналы талаптарға қатысушы нысаналы талаптарға қатысушы ретінде ескерілетін күнтізбелік жыл (бұдан әрі - кіру жылы) айқындалады. Осы нысаналы талаптарға қатысушы үшін НТС^{алдыңғы} мәні көрсетілген кіру жылындағы нысаналы талаптарға қатысушылар ретінде есепке алынған нысаналы талаптарға қатысушылардың НТС^{алдыңғы} мәніне тең деп қабылданады.

Есепті жылдың алдындағы жыл басталғанға дейін қайтыс болған, не соттың заңды күшіне енген шешімімен қайтыс болды деп жарияланған, не есепті жыл басталғанға дейін он сегіз жасқа толған нысаналы талаптарға қатысушылар үшін кіру жылы, сондай-ақ осы нысаналы талаптарға қатысушы нысаналы талаптарға қатысушы болуын тоқтататын күнтізбелік жыл (бұдан әрі - шығу жылы) айқындалады. Мұндай нысаналы талаптарға қатысушы үшін нысаналы талаптардың шамасы кіру жылы нысаналы талаптарға қатысушылар ретінде ескерілген нысаналы талаптарға қатысушылар үшін шығу жылындағы нысаналы талаптардың мәніне тең деп қабылданады.

ҚР Үкіметінің 2025.23.12. № 1132 [Қаулысымен](#) 12-тармақ жаңа редакцияда (2026 ж. 5 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр.ред.қара](#))

12. Есепті жылдың соңындағы жағдай бойынша бір нысаналы талаптарға қатысушыға нысаналы талаптардың сомасы мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\text{НТС} = \text{НТС}^{50\% \text{ОИК}} + \text{НТС}^{\text{алдыңғы}} * (1 + \text{ОК}), \text{ мұндағы:}$$

НТС^{алдыңғы} - нысаналы талаптарға қатысушыға арналған нысаналы талаптардың есепті жылдың алдындағы жылдың соңындағы сомасы;

НТС^{алдыңғы} * (1 + ОК) кесу әдісі қолданылып, үтірден кейін екі белгіге дейінгі дәлдікпен дөңгелектенеді.

Дөңгелектегеннен кейінгі қалдықтардың шамалары барлық нысаналы талаптарға қатысушылар үшін қалдықтардың жиынтық мөлшерін есептеу үшін қосылады (ҚЖМ^{ДК});

Документ: «Нысаналы талаптарды, нысаналы жинақтарды және нысаналы жинақ төлемдерін қалыптастыру мен есепке алу, сондай-ақ нысаналы талаптарды есепке жазу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 18 қаңтардағы № 16 Қаулысы (2026.05.01. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 02.02.2024 г.

ОК - осы Қағидалардың [5-тармағына](#) сәйкес есептелетін Ұлттық қордың валюталық активтерінің он сегіз жылдағы орташа жылдық (орташа геометриялық) кірістілігі.

13. БЖЗҚ-ның нысаналы талаптарды, нысаналы жинақтарды және нысаналы активтерді есепке алуды жүргізу тәртібін бақылауды қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асырады.

14. БЖЗҚ осы Қағидалардың [6-тармағына](#) сәйкес ҚР ҰБ-дан алынған ақпараттың және осы Қағидалардың [10-тармағына](#) сәйкес қалыптастырылған электрондық тізімге енгізілген нысаналы талаптарға қатысушылар санының негізінде бір нысаналы талаптарға қатысушы бойынша:

1) нысаналы талаптардың есепті жылдағы сомасы туралы;
2) есепті жылдың алдындағы жылдың соңындағы жағдай бойынша нысаналы талаптар сомасына есептелген инвестициялық кіріс сомасы туралы деректерді есептейді және БЖЗҚ ақпараттық жүйесіне енгізеді.

15. Нысаналы талаптарды, нысаналы жинақтарды және нысаналы активтерді есепке алу АҚШ долларымен жүргізіледі.

16. Нысаналы жинақтау шоттары осы Қағидалардың [19-тармағына](#) сәйкес нысаналы жинақтар сомалары БЖЗҚ-ның нысаналы активтер шотына түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде:

1) ағымдағы жылы он сегіз жасқа толған және толатын нысаналы жинақтарды алушыларға (бұл ретте нысаналы жинақтарды алушыда нысаналы жинақтарды алу құқығы нысаналы жинақтардың сомалары нысаналы жинақтау шотына есепке жатқызылған күннен бастап, бірақ ерте дегенде он сегіз жасқа толған күннен туындайды);

2) қайтыс болған не соттың заңды күшіне енген шешімімен қайтыс болды деп жарияланған нысаналы талаптарға қатысушыларға;

3) нысаналы талаптарға қатысушы немесе нысаналы жинақтарды алушы болуға құқығы болған, бұрын есепке алынбаған балаларға ашылады.

Уәкілетті оператордан немесе соттың заңды күшіне енген шешімі бойынша нысаналы жинақ төлемдері қайтарылған жағдайларда нысаналы жинақтар нысаналы жинақтау шотына есепке жатқызылады.

17. БЖЗҚ нысаналы жинақтарды алушының нысаналы жинақтау шотын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген БЖЗҚ міндеттемелері орындалған күннен бастап, сондай-ақ осы Қағидалардың [24-тармағында](#) көзделген жағдайда бір ай өткеннен кейін жабады.

Нысаналы талаптарға қатысушылардың жалпы санын есептеген кезде есепке алынбаған, бірақ нысаналы талаптарға қатысушылар болуға құқығы бар не болған адамдар жүгінген кезде нысаналы талаптар жүгінген жылдан кейінгі жылдағы өткізіп алынған кезең (кезеңдер) үшін есепке жазылады.

ҚР Үкіметінің 2025.23.12. № 1132 [Қаулысымен](#) 18-тармақ жаңа редакцияда (2026 ж. 5 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр.ред.қара](#))

18. БЖЗҚ осы Қағидалардың [14-тармағы](#) орындалғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде ҚР ҰБ-ға осы Қағидаларға [3-қосымшаға](#) сәйкес ағымдағы күнтізбелік жылы он сегіз жасқа толған/толатын, есепті жылы қайтыс болған не соттың заңды күшіне енген шешімімен қайтыс болды деп жарияланған нысаналы талаптарға қатысушылар, сондай-ақ алдыңғы кезеңдер ішінде нысаналы талаптарға қатысушылар болуға құқығы бар не болған, бұрын есепке алынбаған балалар, нысаналы талаптарға қатысушылар немесе нысаналы жинақтарды алушылар бойынша нысаналы жинақтар сомасында нысаналы активтер шотына алдыңғы кезеңдер ішінде Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтқан, Қазақстан Республикасының азаматтығынан шыққан адамдар, сондай-ақ нысаналы

Документ: «Нысаналы талаптарды, нысаналы жинақтарды және нысаналы жинақ төлемдерін қалыптастыру мен есепке алу, сондай-ақ нысаналы талаптарды есепке жазу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 18 қаңтардағы № 16 Қаулысы (2026.05.01. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 02.02.2024 г.

талаптарға қатысушылар болуға құқығы болмаған, бұрын есепке алынған адамдар бойынша нысаналы жинақтар сомасына азайтылған нысаналы талаптарды аударуға өтінім жібереді.

19. ҚР ҰБ осы Қағидалардың [18-тармағына](#) сәйкес БЖЗҚ нысаналы талаптарды аударуға өтінім алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде нысаналы активтер шотына ақша аударуды жүзеге асырады.

20. Нысаналы жинақтарды алушы он сегіз жасқа толғаннан кейін нысаналы жинақтардың талап етілмеген сомалары он жыл өткеннен кейін нысаналы жинақ төлемдерін алуға жүгінген кезде нысаналы жинақтарды алушының ерікті зейнетақы жарналарын есепке алуға арналған жеке зейнетақы шотына аударылуға жатады.

Нысаналы жинақтардың сомасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен нысаналы жинақтарды алушы немесе оның мұрагері (мұрагерлері) осы соманы талап еткенге дейін ерікті зейнетақы жарналарын есепке алуға арналған жеке зейнетақы шотында болады.

21. Қайтыс болған не соттың заңды күшіне енген шешімімен қайтыс болды деп жарияланған нысаналы талаптарға қатысушылардың, нысаналы жинақтарды алушылардың нысаналы жинақтарының талап етілмеген сомалары нысаналы жинақтау шоттарында есепке алынады және ерікті зейнетақы жарналарын есепке алуға арналған жеке зейнетақы шотына аударылмайды және Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен мұраға қалдырылады.

22. БЖЗҚ-ның нысаналы жинақтарды нысаналы жинақтау шоттарынан ерікті зейнетақы жарналарын есепке алуға арналған жеке зейнетақы шоттарына аударуы нысаналы активтер шотынан БЖЗҚ-ның ҚР ҰБ-дағы ағымдағы зейнетақы жарналарының шотына ақша аударылғаннан кейін теңгемен жүзеге асырылады. Нысаналы жинақтарды аудару жүзеге асырылған күні нысаналы жинақтар аудару жүргізілген күнге ҚР ҰБ белгілеген ресми валюта бағамы бойынша теңгемен қайта айырбасталады.

23. БЖЗҚ ҚР ҰБ-ға «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оларды табыс ету қағидаларын бекіту туралы» ҚР ҰБ-ның 2017 жылғы 28 тамыздағы № 167 [қаулысына](#) (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15863 болып тіркелген) сәйкес есептілікті ұсынады.

3-тарау. Нысаналы жинақтарды төлеу тәртібі

ҚР Үкіметінің 2025.23.12. № 1132 [Қаулысымен](#) 24-тармақ жаңа редакцияда (2026 ж. 5 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

24. Есепті жылдың ішінде ЖТ МДҚ-дан Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылғаны немесе шыққаны туралы, ЖТ МДҚ-да мәліметтердің жаңартылғаны туралы мәліметтерді, сондай-ақ нысаналы талаптарға қатысушылар болуға құқығының жоқ екендігі туралы мәліметтерді алған кезде нысаналы талаптарға қатысушы немесе нысаналы жинақтарды алушы нысаналы жинақтар төлемдерін алу құқығын жоғалтады, бұл ретте:

1) нысаналы талаптарға қатысушының нысаналы талаптары осы Қағидалардың [11-тармағына](#) сәйкес басқа нысаналы талаптарға қатысушылар арасында бөлінуге тиіс;

2) нысаналы жинақтарды алушының нысаналы жинақтары нысаналы жинақтау шотынан есептен шығарылуға және осы Қағидалардың 11-тармағына сәйкес басқа нысаналы талаптарға қатысушылар арасында бөлінуге тиіс. Бұл ретте нысаналы

Документ: «Нысаналы талаптарды, нысаналы жинақтарды және нысаналы жинақ төлемдерін қалыптастыру мен есепке алу, сондай-ақ нысаналы талаптарды есепке жазу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 18 қаңтардағы № 16 Қаулысы (2026.05.01. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 02.02.2024 г.

жинақтарды алушының нысаналы жинақтау шоты осы Қағидалардың [17-тармағына](#) сәйкес жабылады.

25. Нысаналы талаптарға қатысушы, нысаналы жинақтарды алушы қайтыс болған не соттың заңды күшіне енген шешімімен қайтыс болды деп жарияланған кезде нысаналы талаптарға қатысушының, нысаналы талаптарды алушының мұрагеріне (мұрагерлеріне) нысаналы жинақтар осы Қағидалардың [35-тармағында](#) көзделген құжаттар БЖЗҚ-ға ұсынылған кезде төленеді.

Бұл ретте мұрагер (мұрагерлер) нысаналы жинақтар қайтыс болған не соттың заңды күшіне енген шешімімен қайтыс болды деп жарияланған нысаналы талаптарға қатысушының, нысаналы жинақтарды алушының нысаналы жинақтау шотына есепке жатқызылғаннан кейін оларды төлеу үшін БЖЗҚ-ға жүгінеді.

26. Тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) оқу ақысын төлеу үшін уәкілетті операторға, сондай-ақ нысаналы талаптарға қатысушының және нысаналы жинақтарды алушының мұрагерлеріне нысаналы жинақ төлемдері АҚШ долларымен жүзеге асырылады.

27. Нысаналы жинақтарды алушы он сегіз жасқа толған және онда Қазақстан Республикасының азаматтығы болған жағдайда Заңда және Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған нысаналы мақсатқа сәйкес нысаналы жинақтау шотындағы нысаналы жинақтарды қолда бар нысаналы жинақтар шегінде шексіз мәрте пайдалануға болады.

28. Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және (немесе) оқу ақысын төлеуге нысаналы жинақ төлемдерін алу үшін нысаналы жинақтарды алушы не оның заңды өкілі (нысаналы жинақтарды алушы әрекетке қабілетсіз (әрекет қабілеті шектеулі) болған жағдайда) уәкілетті операторға жүгінеді, онда нысаналы жинақтарды алушының атына АҚШ долларымен банктік шот ашады және тізбесін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын ескере отырып, уәкілетті оператор айқындаған құжаттармен қоса уәкілетті оператордың интернет-ресурсы арқылы не мобильді қосымшасында нысаналы жинақтарды төлеуге арналған электрондық өтініш (бұдан әрі - төлеуге арналған өтініш) береді.

29. Уәкілетті операторлар мен БЖЗҚ-ның ақпараттық өзара іс-қимыл және ақпарат алмасу тәртібі өзара іс-қимыл тараптары арасында жасалған тиісті келісіммен белгіленеді.

30. Уәкілетті оператор нысаналы жинақтарды алушылар не осы Қағидалардың [28-тармағына](#) сәйкес олардың заңды өкілдері берген төлеуге арналған өтініш пен құжаттарды қарағаннан және мақұлдағаннан кейін екі жұмыс күні ішінде БЖЗҚ-ға уәкілетті оператор тіркеген төлеуге арналған өтініштер туралы электрондық хабарламалар жібереді.

31. Уәкілетті оператор осы Қағидалардың [32-тармағында](#) белгіленген жағдайларда уәкілетті оператордың ішкі құжаттарына сәйкес нысаналы жинақ төлемдерін қайтару бойынша жұмыс жүргізеді.

32. Нысаналы жинақтарды алушы нысаналы жинақ төлемдерін қайтаруды:

1) нысаналы жинақтарды алушы не оның заңды өкілі нысаналы жинақтарды алушының тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) оқу ақысын төлеу мақсатында БЖЗҚ-дан алынған нысаналы жинақ төлемдерін есепке жатқызуға арналған нысаналы жинақтарды алушының банктік шотына есепке жатқызылған нысаналы жинақ төлемдерінің барлық сомасын немесе сомасының бір бөлігін БЖЗҚ-ға қайтаруға уәкілетті операторға өтініш берген;

2) нысаналы жинақ төлемдерімен толықтырылған мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі шеңберінде жасалған білім беру жинақтау салымы туралы шарт немесе білім беру жинақтау сақтандыруы шарты бұзылған;

Документ: «Нысаналы талаптарды, нысаналы жинақтарды және нысаналы жинақ төлемдерін қалыптастыру мен есепке алу, сондай-ақ нысаналы талаптарды есепке жазу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 18 қаңтардағы № 16 Қаулысы (2026.05.01. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 02.02.2024 г.

3) нысаналы жинақтарды алушы тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және (немесе) оқу ақысын төлеуге арналған барлық қажетті құжаттарды ұсынбаған;

4) екінші деңгейдегі банктерден немесе сақтандыру ұйымдарынан немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі (магистратура) білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарынан нысаналы жинақ төлемдері қайтарылған жағдайларда жүзеге асырады.

Осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген жағдайда нысаналы жинақ төлемдерінің сомасы алушының уәкілетті операторда ашылған банктік шотына бес жұмыс күні ішінде қайтарылады.

33. Уәкілетті оператор БЖЗҚ-ға нысаналы жинақ төлемдерінің сомасын қайтаруды:

1) осы Қағидалардың [32-тармағының 1\) тармақшасында](#) көрсетілген жағдайда нысаналы жинақтарды алушыдан қайтаруға өтініш алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде;

2) осы Қағидалардың 32-тармағының 2) және 4) тармақшаларында көрсетілген жағдайда ол тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) оқу ақысын төлеу мақсатында нысаналы жинақтарды алушының БЖЗҚ-дан нысаналы жинақ төлемдерін есепке жазуға арналған банктік шотына түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде;

3) осы Қағидалардың 32-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда ол тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) оқу ақысын төлеу мақсатында нысаналы жинақтарды алушының БЖЗҚ-дан нысаналы жинақ төлемдерін есепке жазуға арналған банктік шотына түскен күннен бастап қырық бес жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

Қағидалардың осы тармағында көрсетілген нысаналы жинақ төлемдерінің сомаларын қайтару уәкілетті оператордың ҚР ҰБ-да АҚШ долларымен ашылған корреспонденттік шоты арқылы нысаналы активтер шотына жүзеге асырылады.

Нысаналы жинақ төлемдерінің сомасы қайта айырбасталып қайтарылған кезде уәкілетті оператор қайтару кезінде белгілеген валюта бағамы бойынша қайта айырбасталған АҚШ долларындағы сома қайтарылады.

Бұл ретте қайта айырбастауға байланысты шығыстарға ақы төлеу, нысаналы жинақтарды алушының БЖЗҚ-да ашылған нысаналы жинақтау шотына нысаналы жинақ төлемдерін аударуға (қайтаруға) байланысты банктік көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу нысаналы жинақтарды алушының қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

34. Уәкілетті оператор қайтарған нысаналы жинақ төлемдерінің сомаларын БЖЗҚ нысаналы жинақтарды алушылардың нысаналы жинақтау шоттарына БЖЗҚ-ның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен және мерзімде есепке жатқызады.

ҚР Үкіметінің 2025.23.12. № 1132 [Қаулысымен 35-тармақ жаңа редакцияда \(2026 ж. 5 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді\)](#) (бұр.ред.қара)

35. Қайтыс болған немесе соттың заңды күшіне енген шешімімен қайтыс болды деп жарияланған нысаналы талаптарға қатысушының немесе нысаналы жинақтарды алушының нысаналы талаптарын алу үшін мұрагерлер БЖЗҚ-ға жеке жүгіне отырып, мынадай құжаттарды ұсынады:

1) БЖЗҚ-ның ішкі құжатымен бекітілген нысан бойынша нысаналы жинақтар төлемдерін тағайындау туралы өтініш (бұдан - өтініш);

2) мұрагердің немесе жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасы;

4) мұраға құқық туралы куәліктің түпнұсқасы немесе нотариат куәландырған көшірмесі, не мұраға қалдырылатын мүлікті бөлу туралы келісімнің түпнұсқасы немесе нотариат куәландырған көшірмесі, не соттың заңды күшіне енген шешімі;

5) мұрагердің уәкілетті операторда АҚШ долларымен ашылған банктік шотының деректемелері.

Документ: «Нысаналы талаптарды, нысаналы жинақтарды және нысаналы жинақ төлемдерін қалыптастыру мен есепке алу, сондай-ақ нысаналы талаптарды есепке жазу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 18 қаңтардағы № 16 Қаулысы (2026.05.01. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 02.02.2024 г.

Мұрагер (мұрагерлер) БЖЗҚ-ға осы Қағидалардың [16-тармағында](#) көзделген тәртіппен нысаналы жинақтар түрінде нысаналы жинақтау шотына есепке жатқызылғаннан кейін қайтыс болған не соттың заңды күшіне енген шешімімен қайтыс болды деп жарияланған нысаналы талаптарға қатысушының нысаналы талаптарының төленуі үшін жүгінеді.

БЖЗҚ жоғарыда көрсетілген құжаттарды мұрагерден (мұрагерлерден) алған кезде ЖТ МДҚ-дан нысаналы талаптарға қатысушының немесе нысаналы жинақтарды алушының қайтыс болғаны туралы мәліметтердің бар-жоғы туралы мәліметтерді сұратады.

Нысаналы жинақтау шоты және (немесе) ЖТ МДҚ-да нысаналы талаптарға қатысушының немесе нысаналы жинақтарды алушының қайтыс болғаны туралы мәліметтер болмаған жағдайда БЖЗҚ мұрагер (мұрагерлер) жеке жүгінген кезде БЖЗҚ-ның ішкі құжатында айқындалатын нысан бойынша өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы қолхат беріп, жүгінген күні оның (олардың) өтінішін қабылдаудан бас тартады.

ҚР Үкіметінің 2025.23.12. № 1132 [Қаулысымен](#) 36-тармақ жаңа редакцияда (2026 ж. 5 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр.ред.қара](#))

36. Өтініш:

1) үшінші тұлға арқылы берілген кезде үшінші тұлға (сенім білдірілген тұлға, заңды өкіл) осы Қағидалардың [35-тармағында](#) көрсетілген құжаттарға қосымша:

нотариат куәландырған сенімхаттың түпнұсқасын немесе оның өтініш беру жөніндегі өкілеттіктері, дербес деректерді жинауға және өндеуге келісімі көрсетілген нотариат куәландырған көшірмесін;

жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасын;

заңды өкіл жүгінген жағдайда заңды өкілдің мәртебесін растайтын құжатты ұсынады.

Бұл ретте мұрагердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі нотариатта куәландырылады (нотариаттық куәландыру тұратын мемлекетте жүргізілген жағдайда);

2) пошта байланысы құралдары арқылы берілген кезде мұрагердің, заңды өкілдің жеке басын куәландыратын құжаттың, заңды өкілдің мәртебесін растайтын құжаттың көшірмесі, сондай-ақ мұрагердің, заңды өкілдің өтініштегі қолы нотариатта куәландырылады (нотариаттық куәландыру тұратын мемлекетте жүргізілген жағдайда).

37. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің [1083-бабына](#) сәйкес қайтыс болған нысаналы талаптарға қатысушылардың, нысаналы жинақтарды алушылардың иесіз қалған мүлік деп танылған нысаналы жинақтарына сот актісі бойынша жүгінген адам БЖЗҚ-ға мынадай құжаттар ұсынады:

1) заңды күшіне енген сот актісі;

2) уәкілетті операторда АҚШ долларымен ашылған банктік шоттың деректемелері.

Осы Қағидалардың [35](#), [36](#) және [37-тармақтарында](#) көрсетілген құжаттарды мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінен, оның ішінде цифрлық құжаттар сервисінен алу мүмкіндігі болған кезде оларды ұсыну талап етілмейді.

38. Егер түпнұсқасы бар құжат көшірмесінің дұрыстығын, мұрагердің, заңды өкілдің өтініштегі қолының төлнұсқалығын куәландыру, сенімхатты куәландыру бөлігінде нотариаттық іс-әрекеттерді шетелдік нотариустар жүргізсе, онда оларды Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше белгіленген жағдайларды қоспағанда, заңдастыру қажет.

ҚР Үкіметінің 2025.15.05. № 342 [Қаулысымен](#) 39-тармақ өзгертілді (2025 ж. 30 мамырдан бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр.ред.қара](#))

39. БЖЗҚ:

1) осы Қағидалардың [30-тармағына](#) сәйкес уәкілетті оператордан электрондық хабарлама түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде:

Документ: «Нысаналы талаптарды, нысаналы жинақтарды және нысаналы жинақ төлемдерін қалыптастыру мен есепке алу, сондай-ақ нысаналы талаптарды есепке жазу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 18 қаңтардағы № 16 Қаулысы (2026.05.01. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 02.02.2024 г.

нысаналы жинақтарды алушының төлеуге арналған өтініште көрсетілген нысаналы жинақтар сомасында нысаналы активтер шотынан уәкілетті операторға ақша аудару арқылы нысаналы жинақтарды төлеуді, ол уәкілетті оператор тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) оқу ақысын төлеу мақсатында нысаналы жинақтарды төлеу үшін ашқан нысаналы жинақтарды алушының банктік шотына кейіннен есепке жатқызу үшін уәкілетті оператордан электрондық хабарлама алынған күнгі нысаналы жинақтардың сомасынан аспауға тиіс, не

ұсынылған мәліметтер Қазақстан Республикасы заңнамасының және осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келмеген жағдайда бас тарту себебін көрсете отырып, нысаналы жинақтарды төлеуден бас тартуды;

2) БЖЗҚ осы Қағидалардың [35](#), [36](#) және [37-тармақтарында](#) көзделген, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келетін құжаттарды қабылдаған не оған түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде:

нысаналы активтер шотынан ақшаны уәкілетті операторда АҚШ долларымен ашылған және өтініште мұрагер көрсеткен банктік шотқа немесе сот актісі бойынша жүтінген адамдар ұсынған банктік шотқа аудару арқылы мұрагерге бір мезгілде нысаналы жинақтарды төлеуді, не

ұсынылған құжаттарды Қазақстан Республикасы заңнамасының және осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келмеген жағдайда бас тарту себептерін көрсете отырып, БЖЗҚ құжаттарды қабылдаған не түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде өтінішті орындаудан бас тартуды жүзеге асырады.

Көрсетілген тармаққа сәйкес ақша аударымдары нысаналы активтер шотынан уәкілетті операторлардың ҚР ҰБ-да АҚШ долларымен ашылған корреспонденттік шоттарына жүзеге асырылады.

БЖЗҚ-ның нысаналы жинақтарды аударуға, есепке жатқызу мен төлеуге байланысты банктік көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу бойынша шығыстарын жабу [Бюджет кодексіне](#) сәйкес жүзеге асырылады.

Нысаналы талаптарды, нысаналы жинақтарды және нысаналы жинақ төлемдерін қалыптастыру мен есепке алу, сондай-ақ нысаналы талаптарды есепке жазу [қағидаларына](#)
1-қосымша

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорын (бұдан әрі - Ұлттық қор) басқарудың 2022 жылғы қорытындылары бойынша нысаналы талаптардың іс жүзінде қалыптасқан сомасы көрсетілген нысаналы талаптарды есептеу мысалы

Жыл	Ұлттық қордың АҚШ долларындағы валюталық активтерінің кірістілігі *	Түсініктеме
2005 (ЖК ₁₈)	3,29 %	ЖК - Ұлттық қордың валюталық

Документ: «Нысаналы талаптарды, нысаналы жинақтарды және нысаналы жинақ төлемдерін қалыптастыру мен есепке алу, сондай-ақ нысаналы талаптарды есепке жазу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 18 қаңтардағы № 16 Қаулысы (2026.05.01. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 02.02.2024 г.

2006 (ЖК ₁₇)	8,67 %	активтерінің жеке алынған жылдағы кірістілігі
2007 (ЖК ₁₆)	9,92 %	
2008 (ЖК ₁₅)	-2,28 %	
2009 (ЖК ₁₄)	7,31 %	
2010 (ЖК ₁₃)	3,02 %	
2011 (ЖК ₁₂)	1,37 %	
2012 (ЖК ₁₁)	3,33 %	
2013 (ЖК ₁₀)	3,36 %	
2014 (ЖК ₉)	-1,19 %	
2015 (ЖК ₈)	-2,44 %	
2016 (ЖК ₇)	0,84 %	
2017 (ЖК ₆)	7,61 %	
2018 (ЖК ₅)	-2,64 %	
2019 (ЖК ₄)	7,42 %	
2020 (ЖК ₃)	7,57 %	
2021 (ЖК ₂)	4,21 %	
2022 (ЖК ₁)	-10,35 %	
Ұлттық қордың 18 жылдағы орташа жылдық кірістілігі (ЖК)	2,60 %	$КМ = ((1+ЖК_1) * \dots * (1+ЖК_{18}))^{(1/18)} - 1$
Ескертпе:		
* үтірден кейін екі белгіге дейін дөңгелектенген;		
ЖК - Ұлттық қордың жеке алынған жылдағы валюталық активтерінің кірістілігі; КМ - есепті жылдың алдындағы соңғы он сегіз жылдағы Ұлттық қордың валюталық активтерінің орташа жылдық (орташа геометриялық) кірістілігі ретінде есептелген орташаланған инвестициялық кіріс мөлшерлемесі.		
Ай	Ұлттық қордың валюталық активтерінің ай соңындағы нарықтық құны	Түсініктеме
2022 қаңтар (ҰҚ _{таза1})	53 908 295 773	ҰҚ _{таза} - жаһандық кастодиан деректеріне сәйкес нысаналы талаптардың сомасын қамтитын есепке жазылған міндеттемелерді шегергендегі валюталық активтердің есепті жылдың алдындағы жылдың әрбір айының соңындағы нарықтық құны
2022 ақпан (ҰҚ _{таза2})	53 996 323 884	
2022 наурыз (ҰҚ _{таза3})	52 985 653 024	
2022 сәуір (ҰҚ _{таза4})	52 621 820 584	
2022 мамыр (ҰҚ _{таза5})	53 940 082 658	
2022 маусым (ҰҚ _{таза6})	51 863 837 063	
2022 шілде (ҰҚ _{таза7})	53 285 148	

Документ: «Нысаналы талаптарды, нысаналы жинақтарды және нысаналы жинақ төлемдерін қалыптастыру мен есепке алу, сондай-ақ нысаналы талаптарды есепке жазу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 18 қаңтардағы № 16 Қаулысы (2026.05.01. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 02.02.2024 г.

	741	
2022 тамыз (ҰҚ _{таза8})	53 806 772 184	
2022 қыркүйек (ҰҚ _{таза9})	51 587 462 654	
2022 қазан (ҰҚ _{таза10})	52 456 089 893	
2022 қараша (ҰҚ _{таза11})	55 826 825 602	
2022 желтоқсан (ҰҚ _{таза12})	55 739 474 926	
Ұлттық қордың валюталық активтерінің орташа айлық нарықтық құны (ҰҚ _{орт.айлық})	53 501 482 249	$ҰҚ_{орт.айлық} = (ҰҚ_{таза1} + \dots + ҰҚ_{таза12}) / 12$
Жылдық мәндегі 18 жылдағы инвестициялық кіріс	1 391 038 538	$ОИК = КМ * ҰҚ_{орт.айлық}$
2024 жылы есепке жазуға арналған нысаналы талаптардың сомасы* (0)	695 519 269	$= 50\% * ОИК$
2024 жылдың аяғындағы жағдай бойынша нысаналы талаптардың жиынтық сомасы (НТ _{жиыны})	695 519 269	$НТ_{жиыны} = + (НТ_{алдыңғы} - ТС) * (1 + КМ)$

Ескертпе:

ҰҚ_{таза} - жаһандық кастодиан деректеріне сәйкес нысаналы талаптардың сомасын қамтитын есепке жазылған міндеттемелерді шегергендегі валюталық активтердің есепті жылдың алдындағы жылдың әрбір айының соңындағы нарықтық құны;

ҰҚ_{орт.айлық} - Ұлттық қордың есепті жылдың алдындағы жылдағы таза валюталық активтерінің орташа айлық (орташа арифметикалық) нарықтық құны;

ОИК - Ұлттық қордың орташаланған инвестициялық кірісін жыл сайынғы есептеу Ұлттық қордың соңғы он сегіз жылдағы валюталық активтерінің орташа жылдық (орташа геометриялық) кірістілігін Ұлттық қордың таза валюталық активтерінің орташа айлық (орташа арифметикалық) нарықтық құнына көбейту арқылы жүргізіледі;

КМ - Ұлттық қордың есепті жылдың алдындағы соңғы он сегіз жылдағы валюталық активтерінің орташа жылдық (орташа геометриялық) кірістілігі ретінде есептелген орташаланған инвестициялық кіріс мөлшерлемесі;

НТ^{50% ОИК} - нысаналы талаптардың есепті жылдағы сомасы;

НТ_{жиыны} нысаналы талаптардың есепті жылдың аяғындағы жиынтық сомасы;

НТ_{алдыңғы} - нысаналы талаптардың есепті жылдың алдындағы жылдың соңындағы жағдай бойынша сомасы;

ТС - БЖЗҚ деректеріне сәйкес айқындалатын есепті жылдың ішіндегі төлемдердің жалпы сомасы.

Документ: «Нысаналы талаптарды, нысаналы жинақтарды және нысаналы жинақ төлемдерін қалыптастыру мен есепке алу, сондай-ақ нысаналы талаптарды есепке жазу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 18 қаңтардағы № 16 Қаулысы (2026.05.01. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 02.02.2024 г.

ҚР Үкіметінің 2025.15.05. № 342 Қаулысымен 2-қосымша өзгертілді (2025 ж. 30 мамырдан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); ҚР Үкіметінің 2025.23.12. № 1132 Қаулысымен 2-қосымша жаңа редакцияда (2026 ж. 5 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

Нысаналы талаптарды, нысаналы жинақтарды және нысаналы жинақ төлемдерін қалыптастыру мен есепке алу, сондай-ақ нысаналы талаптарды есепке жазу қағидаларына
2-қосымша

Есепті 20 ____ жылдың соңындағы жа нысаналы талаптарға қатысушылардың саны туралы мәліметтер

P/c №	Нысаналы талаптарға қатысушылардың санаты *	Саны
1	2	3
1.	Есепті жылдың басында барлығы	
2.	Есепті жылы туғандар	
3.	Есепті жылы Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдағандар	
4.	Есепті жылдың алдындағы жылы қайтыс болғандар не соттың заңды күшіне енген шешімімен қайтыс болды деп жарияланғандар**	
5.	Есепті жылы Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтқандар не Қазақстан Республикасының азаматтығынан шыққандар	
6.	Есепті жылы он сегіз жасқа толғандар	
6.1.	Өткен жылдың қорытындысы бойынша барлығы	
6.2.	Есепті жылы Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтқандар не Қазақстан Республикасының азаматтығынан шыққандар (5-бағанда ескерілді)	
6.3.	Нысаналы талаптарға қатысушылар болуға құқығы болған, бұрын есепке алынбағандар (7-бағанда ескерілді)	
6.4.	Нысаналы талаптарға қатысушылар болуға құқығы болмаған, бұрын есепке алынғандар (8-бағанда ескерілді)	
6.5.	6.1 - 6.4-бағандарда көрсетілген өзгерістерді ескергенде, барлығы (6.1 - 6.2 + 6.3 - 6.4-бағандар)	
7.	Нысаналы талаптарға қатысушылар болуға құқығы болған, бұрын есепке алынбағандар	
8.	Нысаналы талаптарға қатысушылар болуға құқығы болмаған, бұрын есепке алынғандар	
9.	Есепті жылдың соңында барлығы ***	
10.	Есепті жылдан кейінгі күнтізбелік жылы он сегізге толатындар***	
11.	Есепті жылдың ішінде қайтыс болғандар не соттың заңды күшіне енген шешімімен қайтыс болды деп жарияланғандар	

Ескертпелер:

Документ: «Нысаналы талаптарды, нысаналы жинақтарды және нысаналы жинақ төлемдерін қалыптастыру мен есепке алу, сондай-ақ нысаналы талаптарды есепке жазу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 18 қаңтардағы № 16 Қаулысы (2026.05.01. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 02.02.2024 г.

* нысаналы талаптарға қатысушылар санатына осы Нысаналы талаптарды, нысаналы жинақтарды және нысаналы жинақ төлемдерін қалыптастыру мен есепке алу, сондай-ақ нысаналы талаптарды есепке жазу қағидаларының [10-тармағына](#) сәйкес жүргізілген верификацияның қорытындылары бойынша өзге де нақтылаулар енгізіледі;

** есепті 2024 жыл үшін 4-бағандағы ақпарат = 0;

*** есепті 2023 жыл үшін ақпарат 9 және 10-бағандарда ғана көрсетіледі.

Мәліметтер құрамы (файл атауы)	MD5 хеш- сомасы	Өлшемі (байт)	Файлдағы жазбалар саны
Нысаналы талаптарға қатысушылардың жеке сәйкестендіру нөмірлерінің тізімі			

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы

_____ / _____ / _____
Мөр орны лауазымы қолы толық жазылуы
Қол қойылған күн _____

«Ұлттық ақпараттық технологиялар» акционерлік қоғамы

_____ / _____ / _____
Мөр орны лауазымы қолы толық жазылуы
Қол қойылған күн _____

ҚР Үкіметінің 2025.23.12. № 1132 [Қаулысымен](#) 3-қосымша жаңа редакцияда (2026 ж. 5 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр.ред.қара](#))

Нысаналы талаптарды,
нысаналы жинақтарды және нысаналы
жинақ төлемдерін қалыптастыру мен
есепке алу, сондай-ақ нысаналы
талаптарды есепке жазу [қағидаларына](#)
3-қосымша

Нысаналы талаптарды аударуға № __ өтінім

Нысаналы талаптарды, нысаналы жинақтарды және нысаналы жинақ төлемдерін қалыптастыру мен есепке алу, сондай-ақ нысаналы талаптарды есепке жазу қағидаларына сәйкес нысаналы талаптар «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының нысаналы активтер шотына мына сомада аударылсын:

Ағымдағы күнтізбелік жылы он сегіз жасқа толған және толатын адамдар бойынша нысаналы талаптардың сомасы	_____
Қайтыс болғандар не соттың заңды күшіне енген шешімімен қайтыс болды деп жарияланғандар бойынша нысаналы талаптардың сомасы	_____
Нысаналы талаптарға қатысушылар болуға құқығы бар, бұрын есепке алынбағандар бойынша нысаналы талаптардың сомасы	_____
«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының нысаналы активтер шотына нысаналы жинақтар түрінде аударуға арналған нысаналы талаптардың барлық сомасы	_____
Нысаналы жинақтар нысаналы жинақтау шотына есепке жатқызылғаннан	_____

Документ: «Нысаналы талаптарды, нысаналы жинақтарды және нысаналы жинақ төлемдерін қалыптастыру мен есепке алу, сондай-ақ нысаналы талаптарды есепке жазу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 18 қаңтардағы № 16 Қаулысы (2026.05.01. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Статус документа: действующий. Дата: 02.02.2024 г.

кейін Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтқан, Қазақстан Республикасының азаматтығынан шыққан, сондай-ақ нысаналы талаптарға қатысушылар болуға құқығы болмаған, бұрын есепке алынғандар бойынша аударуға арланған нысаналы талаптардың сомасын түзету	
«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының нысаналы активтер шотына аударуға арналған соманың жиыны	_____

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы

_____ / _____ / _____
Мөр орны лауазымы қолы толық жазылуы
Қол қойылған күн _____